

Ақсу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 9 қарашадағы "Ақсу ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" 45-280 нөмірлі шешімнің күшін жою туралы

Алматы облысы Ақсу аудандық мәслихатының 2016 жылғы 05 ақпанның № 50-302 шешімі

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1 бабына сәйкес Ақсу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ақсу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 9 қарашадағы (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылдың 10 желтоқсанда № 3600 болып тіркелді, Ақсу аудандық "Ақсу өңірі" қоғамдық-саяси газетінің № 52 (9788) санында жарияланған) "Ақсу ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" № 45-280 шешімінің күші жойылсын.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*Д. Мұхаметшарұлы
С. Серпербаев*